

Қаратал ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 мамырдағы № 46-186 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 18 маусымда № 3235 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 69-246 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 07.04.2020 № 69-246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2005 жылғы 8 шілдедегі 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қаратал ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер **белгіленсін.**

2. Аудандық мәслихат аппаратының бас маманы Уәлиев Талғат Рапықұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында **жариялау жүктелсін.**

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қаратал аудандық мәслихаттың " Жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, құрылыс, жерді пайдалану, табиғат қорғау және табиғи қорды ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына **жүктелсін.**

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
мәслихат хатшысы:*

Б. Смаилов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК